



Егемен Қазақстан

Біржан салдың «Айбозымы»

Қазақ өнерінің алдыбы – Біржан сал бабамыздың асқаң «Айбозым» әнін жүртшылық жақсы біледі. Бұл әнді алғаш саңнада орындаған – дүлдүл әнші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қайрат Байбосынов. Біз бүгінгі әңгімемізде бір кездері ұмыт бола бастаған осы туындының қайта жарыққа шығуына себепкер болған бір оқиғаны баяндасақ дейміз. Оны бізге белгілі ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қорғанбек Аманжол айттып берген еді.



– 1981 жылы Көкшетауға талантты композитор, өнертанушы, Ілия Жақанов ат басын бұрды. Оған себеп, 1982 жылы Біржан сал бабамыздың 150 жылдығы республика көлемінде тойланатын болып, соған орай Үкіметтің қауулысы шықты, – деп бастады сөзін ағамыз.

– Илия ағамызды сыртынан біліп, әндерін тындағанмен, алғаш көргенім. Сабырлы, байсалды кісі екен. Соңдай ардақты азаматтың Көкшетауға келуі үлкен бір оқиға секілді болды. Ағамыз ол кезде Қазақ радиосының музыкалық редакциясын басқарады. Мен облыстық газеттің мәдениет, әдебиет бөлімінің менгерушісімін. Басылым редакторы, жазушы Жанайдар Мусин мені Ілекенің қасына қосып берді. Сөйтіп, Илия аға екеуміз алдымен Көкшетаудың өз басында тұратын бабамыздың туған келіні, Біржанның кіші баласы Қалкенің әйелі Рақия әжеміздің үйіне бардық. Бұл кісі редакцияның дәл іргесінде, Шолпан деген қызының қолында тұрады. Күнде сол үйдің қасынан өткенде есік алдында отырғанын жиі көрем. Кейде амандастып өтемін. Бірақ әжеміздің Біржан салдың келіні екенінен хабарсызбын. Сол жылды жасы жетпіс бесті алқымдап қалған. Сөзі де, өзі де тың. Бабасы туралы біраз әңгіме айтты. Мен оны кейін «Біржанның бұрмалары» деген сериялық очеркімде жаздым.

Әжеміздің жары Қалке отызыншы жылдары өмірден өтсе керек, ол әкесі Біржан қайтыс болғанда қырқынан енді шыққан сәби екен. Сонда Рақия әже Біржанның ұлы атасы – Ақсары Керей ішіндегі алпыс үйлі Бертіс әuletінің Қызылжардан Көкшетау төңірегіне қоныс аударуының жай-жапсарын бізге былайша баяндап берді: «Бертіс атамыздың өзі де бес-алты ағайынды болып келеді... Аға-інілерінің біреуі би, енді бірі дін жолын ұстаған сопы, бір-екеуі тынышсыз, қамшыгер, сотқар, булікші екен. Бертіс бауырларының ел арасына іріткі салған теріс қылышына ренжіп, сол себептен Көкшетауға көшіп келген екен»...Ол кезде мән бермеппін, енді байыптасам, әжеміз атын атамай «енді бірі дін жолын ұстаған сопы» дегені Марал ишан екен. Керейдің Нұрымбет атасынан тарайтын Марал ишан ата қоныстан ығыстырып, тіршілік тынысын тарылтқан ақ патшаның отаршылдығына қарсы шығып, елді ғазауат құресіне көтереді. Әжеміз сол жолы атасы туралы көзқөргендерден естігендерін әңгімеледі. Біржан сал домбырасын біреу шертіп қалса, біліп қойып: «Әй, Ақыңжан, домбырамды біреу шертіп қойыпты» деп қайтадан құлақ күйін келтіріп алады. Әнші қайда сапарлап барса да өзі жонып жасаған домбырасының тиегін бір уыс орамалға түйіп алғып жүреді. Сондай-ақ Біржекең әнді беріліп айтатыны соншалық, молдасоқыны төрден есікке, есіктен төрге отырады екен. Оны өзі байқамайды.

Одан кейінгі Ілия ағамызбен сапарымыз даңқты бабамыз туған қазіргі Біржан сал ауданында жалғасты. Өзім осы сапарда көп нәрсені көңіліме түйдім. Көкшениң баурайында өскеніммен Біржан салға қатысты біраз дүниені білмейді екем. Ілекең Алматыдан сапарының жоспары мен бағытын, әңгімелесетін адамдарын нақты белгілеп шығыпты.

Сол жылы бұрынғы Еңбекшілдер ауданындағы Жөкей көлінің жиегіндегі «Казгородок» деген ауылда Шаймұқан Омаров деген ақсақал тұрды. Ол кісіге бізді Болат Бекенов деген мектеп директоры болып істейтін, зиялы азамат ертіп апарды. Ол – 1937-жылы ұсталып, жазықсыз атылып кеткен, қазақтың бір аяулы перзенті, жазушы Елжас Бекеновтің ұлы. Шаймұқан ақсақалдың үйіне келдік. Сол кезде ол кісінің жасы жетпісті жағалап қалса да санасы сергек, жады мықты. Қария бізді құрақ ұша қарсы алғып, Біржан сал туралы арғы-бергі үлкендерден естігендері мен әндері жайында әңгімеледі. Әңгіме үстінде «Айбозым» әнін есіне түсіріп, ыңылдалап айтып берді. Ілекең үлкен олжаға кенелгеніне қуанып, әнді магнитофонына жазып алды.

Ілия ағамыз қариядан «Айбозым» әні қалай шықты, оны кімдер орындағы – барлығын суыртпақтап, егжей-тегжейлі сұрады. Шын мәнінде, бұған дейін Біржан салдың «Айбозым» деген әні бар екенін ешкім білген емес. Кезінде тұғырлы тұлға туралы құнды мәліметтер берген Қарта, Есім Байболов деген қариялар да ешқандай дерек келтірмеген. Ал Ілекең оны қайдан білді дегенде, осы әнді Шаймұқан қарттан он шақты жыл бұрын көкшетаулық журналист Әуез Өтеев жазып алған. Ол әннің таспасын Әбілғазы Боқанов деген бір зиялы жан кейінірек Қазақ радиосы музика редакциясының бас редакторы Ілия Жақановқа әкеп береді. Бірақ әннің таспаға жазылу сапасы

нашар болғандықтан, Ілия ағамыздың Шаймұқан ақсақалға арнайы келуінің себебі осы екен.

Шаймұқан қария бұл әнді Біржан салдың жанында жүрген Оспан деген әншінің қызы Кәтуден үйренген. Оспанның өзі ақсары, қағылез, жұқа кісі болғанымен, ән айтқанда дауысы зор, үйдің төбе тақтайын тіліп жібере жаздайды екен. Қызы Кәту де әкесі секілді ғажайып әнші болған, бірақ ерте түрмисқа шығып, жастай өмірден өтеді.

Алматыға келгеннен кейін Ілекең: «Айбозым, айхой бозым, даңғыл бозым» деп басталатын әнге өзі қайырма жазып, Қайрат Байбосыновқа орындауга беріп, эфирге шығарады. Осылай ұлы әншінің асқақ әні халқымен қайта қауышты. Айтпашқы, сол сапарда Ілия ағам екеуміз Шаймұқан ақсақалды ортаға алып фотога түстік, – деп сөзін түйіндеңі арқалы ақын.